

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру мәселелері жөніндегі кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 159 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 29 маусымда тіркелді. Тіркеу N 3699.

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қызмет ету мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.02 N 141 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2. Агенттік Басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы N 74 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2797 тіркелген) қаулысымен енгізілген өзгерістері және толықтырулары бар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысудың үлгі шартын бекіту туралы" 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 345 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2548 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Республики Казахстан" N 22 басылымдарында 2003 жылғы 20 қазан - 2 қарашада жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Аталған қаулымен бекітілген Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қ а т ы с у д ы ң ү л г і ш а р т ы н д а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сақтандыру ұйымы - қатысушы міндетті жарналардың сомасын уәкілетті орган бекіткен есептеу әдістемесіне сәйкес дербес есептейді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Сақтандыру ұйымы - қатысушы шартты міндеттемелер мөлшерін уәкілетті орган бекіткен есептеу әдістемесіне сәйкес дербес есептейді.";

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі бөлімшелеріне, Сақтандыру төлемдерін және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Қ.М.Досмұқаметовке жүктелсін.

Төраға